

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Түркістан облысы полиция департаменті мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2022 ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:  
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## I. Кіріспе

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Түркістан облысы полиция департаменті мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

### 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;

2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

### 1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

№р /с	Мемлекеттік аудит объектісінің атауы	Мемлекеттік аудит объектісінің мекен-жайы
1	" Түркістан облысының полиция департаменті " мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Түркістан қаласы, С.Ерубасев көшесі, №197Е құрылыс
2	Түркістан облысының полиция департаменті «Келес ауданының полиция бөлімі» ММ	Келес ауданы, Абай ауылы, Д.Қонаев көшесі, құрылыс № 60
3	Түркістан облысының полиция департаменті «Шардара ауданының полиция бөлімі» ММ	Шардара ауданы, Шардара қаласы, Төле би көшесі, ғимарат № 31А
4	Түркістан облысының полиция департаменті «Жетісай ауданының полиция бөлімі» ММ	Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, М.Әуезов көшесі, уч.9В
5	Түркістан облысының полиция департаменті «Бәйдібек ауданының полиция бөлімі» ММ	Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы, Б.Карашаұлы көшесі, ғимарат №91/3
6	Түркістан облысының полиция департаменті «Мақтаарал ауданының полиция бөлімі» ММ	Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Мадиходжаев көшесі, №14У
7	Түркістан облысының полиция департаменті «Сайрам ауданының полиция басқармасы» ММ	Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Жібек-Жолы көшесі, ғимарат №46
8	Түркістан облысының полиция департаменті «Сарыағаш ауданының полиция бөлімі» ММ	Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Қ.Тасбалтаев көшесі, үй №67
9	Түркістан облысының полиция департаменті «Түлкібас ауданының полиция бөлімі» ММ	Түлкібас ауданы, Т. Рысқұлов ауылы, Т. Рысқұлов көшесі, ғимарат №194
10	Түркістан облысының полиция департаменті «Созақ ауданының полиция бөлімі» ММ	Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек-Жолы, № 75
11	Түркістан облысының полиция департаменті «Арыс ауданының полиция бөлімі» ММ	Арыс қаласы, Аймауытов көшесі, ғимарат № 35

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2019 жыл – 01.04.2022 жылдар аралығы.

## II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

### 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Түркістан облысы полиция департаменті мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 23.05.2022 жыл - 08.07.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 11 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 1 мемлекеттік мекемеде негізгі тексеру және 10 мемлекеттік мекемеде үстеме тексерулер жүргізілді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу, республикалық бюджеттен субвенциялар есебінен, ҚР Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу, жергілікті атқарушы органның шуғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу бюджеттік бағдарламаларына бөлінген қаржыға аудит жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі: 24198554,0 мың теңге, оның ішінде: 2019 жылы 5140431,0 мың теңге, 2020 жылы 5347079,0 мың теңге, 2021 жылы 10293399,0 мың теңге, 01.01-01.04.2022 жылы 3417645,0 мың теңге .

Бюджеттік бағдарламалар мен жылдар бойынша атап айтқанда:

ББА	Аудитпен қамтылатын қаржы				
	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	01.01-01.04.2022 жыл	Жалпы
252000 «Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы»	5140431,0	5347079,0	10293399,0	3417645,0	24198554,0
001 «Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»	2651929,0	4625145,0	8913147,0	2785633,0	18975854,0
001011 «Республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен»	584184,0	316946,0	134635,0	314522,0	1350287,0
001015 «Жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаржылар»	2067745,0	4308199,0			6375944,0
001044 «Республикалық бюджеттен субвенциялар есебінен»			8778512,0	2471111,0	11244623,0
003000 «Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу»		2613,0	2917,0		5530,0
001015 «Жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаржылар»		2613,0			2613,0
003044 «Республикалық бюджеттен субвенциялар есебінен»			2917,0		2917,0
006 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»	2488502,0	634321,0	1377335,0	174162,0	4674320,0
006011 «Республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен»	369670,0				369670,0
006015 «Жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаржылар»	2118832,0	634321,0			2753153,0
006044 «Республикалық бюджеттен субвенциялар есебінен»			1377335,0	174162,0	1551497,0
100 «ҚР Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу»				257850,0	257850,0
107 «Жергілікті атқарушы органның шуғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу»		85000,0		200000,0	285000,0

Департамент тарапынан жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде **2019 жылдың 12 айында** қылмыстық құқықбұзушылықтар саны 25,3%-ға (10240-тан 7651-ке дейін), қылмыстар 22,7%-ға (8647-ден 6684-ке дейін) және онша

ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар 28,6%-ға (7844-тен 5601-ге дейін) төмендеген.

Тіркелген құқық бұзушылықтардың жалпы санының 73,2%-ын онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар құрап отыр.

Өңірде 10 мың халыққа шақанда құқық бұзушылық деңгейі 42 болып, республикамызда ең төмен болып қалуда (республикалық көрсеткіш 132).

Есептік мерзімде қылмыстың ашылуы, ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылуы 2,7% - ға (84,4% - дан 87,1%-ға дейін) жақсарған.

Аса ауыр қылмыстардың ашылуы 0,9% - ға (95,3%-дан 96,2%-ға дейін).

Ауыр қылмыстардың ашылуы 3,4% - ға (82,9%-дан 86,3%-ға дейін).

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстардың ашылуы 8,8-ге (51,4%-тен 60,2%-ға дейін) жақсарған.

Қарақшылық қылмыстардың ашылуы 0,7% - ға төмен (83,3% - дан 82,6%-ға дейін). Алайда, бұл көрсеткіш орташа республикалық көрсеткіштен 3,9%-ға төмен (респ.86,5%). 12 айдың қорытындысы бойынша 4 қарақшылық қылмысы ашылмаған.

Ауыр санаттағы бұзақылық қылмысының ашылуы 5,7%-ға төмендеген (97,8%-ден 92,1%-ға дейін). Алайда, бұл көрсеткіш орташа республикалық көрсеткіштен 7,7%-ға жоғары (респ.84,4%). Одан бөлек, бұзақылық қылмысының ауыр санатының 3 фактісі ашылмаған.

Барлық ашылмаған ауыр қылмыстар бойынша тергеу-жедел топтары құрылып, оларды ашуға бағытталған жедел-ізвестіру іс-шараларының кешені жүргізілуде.

Жалпы есепті кезеңде 4827-ден астам қылмыс ашылды, оның ішінде 75 аса ауыр және 767 ауыр қылмыс, сонымен қатар: 31 адам өлтіру, 69 ауыр дене жарақаттары, 19 қарақшылық шабуыл, 109 тонау, 1635 бөтен мүлікті ұрлау, 282 пәтер ұрлығы, 397 мал ұрлығы, 635 алаяқтық, 354 бұзақылық қылмыстары.

Жүргізілген профилактикалық іс-шаралар нәтижесінде, кәмелетке толмағандармен жасалған (-4,1%-ға, 196-дан 188-ге дейін), қоғамдық орындарда (-1,2% - ға, 2253-тен 2227-ге дейін) және көшелерде (-2,7% - ға, 1320-дан 1285-ке дейін) жасалған қылмыстар азайған. Жол-көлік оқиғаларының саны (-11,6% - ға, 953-тен 845-ке дейін) және олардан жараланғандар (-12,5% - ға, 1287-ден 1126-ға дейін) азайып, бірақ жол-көлік оқиғаларынан қайтыс болғандар (13,6% - ға, 213-тен 246-ға дейін) көбейіп отыр. Осыған байланысты, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуына жол бермеу мақсатында, Департамент басшылығы әрбір жүргізушіге авариялық учаскелер мен жолдарда жол оқиғалары туралы фотосуреттері бар көрнекі брошюралар таратқан.

Жол-көлік жарақатының алдын алу мақсатында облыс аумағында жыл басынан бері «Автобус», «Қауіпсіз жол», «Абайлаңыз балалар», «Жаяу жүргінші» және «Құқықтық тәртіп» жедел-алдын алу іс-шаралары өткізген.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың басынан бері 9839 автокөлік айыппұл тұрағына қойылып, 1388 адам жүргізуші құқығынан айырылып, оның ішінде 106 жүргізуші қамауға алынған.

Департаменттің басым бағыттарының бірі 2018-2020 жылдарға арналған «Бөтеннің мүлкін ұрлауға қарсы іс-қимыл» бойынша ведомстволық Бағдарлама шеңберінде ұрлық қылмыстарына қарсы жұмыстар жүргізілген.

Қабылданған шаралар нәтижесінде біз ұрлықтың жалпы санын 32,5% - ға (4942-ден 3337-ге дейін) төмендетуге қол жеткізген.

Бөтеннің мүлкін ұрлау қылмыстары, оның ішінде мал ұрлығының алдын алу негіздерінің бірі, учаскелік полиция инспекторларының жергілікті халықпен профилактикалық жұмыстар болып табылады. Сондай-ақ, тұрақты негізде облыстың барлық аудандары бойынша Департамент басшылығының шығуымен халықпен жиын өткізу тәжірибеленеді. Барлығы учаскелік полиция инспекторлары 2270 халықпен жиын өткізген, оның 1790-і-полиция органдары басшыларының қатысуымен өткен.

Облыс аумағында ұялы телефондар ұрлығы бойынша қылмыстың алдын алу, жолын кесу және ашу мақсатында базарларда және ұялы телефондарды сатып алу-сату орындарында рейдтік іс-шаралар тұрақты негізде жүргізілген. Аталған тұлғалардың сатуындағы ұялы телефондар нәрселер мәніне сәйкес "Крим. заттар" жүйесінде тексерілген. Сондай-ақ, олардан шыққан күдікті ұялы телефондарды өткізуге ниет білдірген адамдар туралы полицияға хабарлау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Облыс аумағында автокөлік қосалқы бөлшектерін сатуға мамандандырылған 3 базар орналасқан: Түркістан қаласы, Сарыағаш және Жетісай аудандары аумағында бір-бірден. Аталған базарларда автокөлік бөлшектерін ұрлау фактілерінің алдын алу және анықтау мақсатында профилактикалық іс-шаралар жүргізілген.

Сонымен қатар статистика көрсеткіштеріне сәйкес, Есірткіге қарсы іс-қимыл Басқармасының қызметкерлері облыстық Полиция департаментінің құрылым қызметкерлерімен бірлесе отырып белгілі-бір оң нәтижелерге жеткен. Есірткі қылмыстарының ашылу саны 20,9%-ға (158/191) және есірткі қылмысы бойынша тұлғалардың ұсталуы 90,4%-ға (83/158) өскен.

Департамент басшылығы тәртіп пен заңдылықты нығайтуға бағытталған бірқатар кешенді шаралар жүргізген. Алайда, жүргізілген іс-шараларға қарамастан кемшіліктер де орын алған.

Ағымдағы жылы облыс полиция қызметкерлеріне қатысты **17** қылмыстық іс қозғалды (*2018 ж. – 18*), оның ішінде **11** (*2018ж. - 14*) сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін. 16 қызметкер қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Департаменттің Тәртіптік комиссиясының жұмысы жандандырылған, 2019 жылдың басынан бастап 63 отырыс өткізілген, онда 1128 қызметкерге қатысты 480 материал қаралып, оның нәтижелері бойынша 510 қызметкер жазаланған.

Жағымсыз себептермен 40 қызметкер жұмыстан шығарылған. 247 рейдтік іс-шара өткізіліп, оның нәтижесі бойынша 202 қызметкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар, полиция департаментінің қызметкерлері арасындағы тәртіп пен заңдылықтың жай-күйі туралы тұрақты негізде мониторинг

жүргізіледі, оның нәтижесімен Департаменттің жеке құрамы және оған бағынысты бөлімшелер таныстырылады.

Полиция органдарының ашықтығы және азаматтардың көптеген мәселелерін шешуді жеделдету үшін ағымдағы жылдың 25 ақпанынан бастап Департаментте «фронт-офис» жұмыс атқаруда, онда қызметкерлер қатарынан консультанттардың жұмысы ұйымдастырылған. Фронт-офис ғимараты ПМ талаптарының барлық қажетті стандарттарына толық сәйкес келеді (*алаңы 98 ш.м.*) кеңсе қазіргі заманғы техникамен және қажетті анықтамалық материалдармен жабдықталған. Жұмыс кезеңінде барлығы 1082 өтініш түскен. Осындай фронт-кеңселер барлық қалалық және аудандық полиция бөлімдерінде ашылған және жұмыс істейді. Ашылу салтанаты БАҚ-та жарияланған.

Сонымен қатар, Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту және азаматтарды күту уақытын қысқарту мақсатында ағымдағы жылдың 12 мамырында Түркістан қаласында көші-қон қызметі орталығы ашылған.

Азаматтарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер уақыты бойынша қысқартылды (*3-5 күннен 1 күнге дейін*). Түркістан облысы бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының қоғамдық және жол қауіпсіздігі саласындағы цифрландыру бөлігінің талаптарын орындауда полиция департаменті қолда бар инфрақұрылымды техникалық жаңғырту және қазіргі заманғы байланыс және бақылау құралдарын жетілдіру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізуде. 2-ші тоқсанда біз процессингтік орталық пен жедел басқару орталығын ашқан.

Полицияны цифрландыру саласындағы тағы бір маңызды бағыт «әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» жобасын енгізу.

«Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» жобасы бойынша 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап жол-патрульдік полициясының саптық бөлімшелері толығымен әкімшілік хаттамаларды электронды толтыруға көшкен. Бүгінгі күні патрульдік полицияның саптық бөлімшелері 100% портативті бейнетіркеуіштермен жабдықталған, ішінара қалалық, аудандық бөлімшелердің учаскелік инспекторлары жабдықталған. 2019 жылдың қазан айында қосымша 529 планшет сатып алынған. Барлығы қазіргі таңда 954 планшет қолданыста.

Бүгін полиция департаментінің жеке құрамы барлық қажетті көлікпен, арнайы техникамен, қару-жарақ және киім-кешекпен жабдықталған.

Түркістан қаласы, Ерубасев көшесі №197 үйде орналасқан ғимаратта, жалпы 4382 ш/м. 307 қызметкер жұмыс атқарады.

Нақты мәліметтерге сәйкес Түркістан облысы криминогендік жағдай тұрақты және қылмысы ең төмен аймақ болып саналады. Оған дәлел республика көлемінде 10 000 адамға шаққандағы орташа қылмыс көлемі 83 болса, біздің облыста 10 000 адамға шаққандағы қылмыс саны 28-ді құраған.

**2020 жылдың 12 айында** Түркістан облысы бойынша 5663 қылмыстық құқық бұзушылық пен 4916 қылмыс тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 29,1%-ға аз. Сондай-ақ онша ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар 53,7%-ға (4243-1965) төмендесе, аса ауыр қылмыстардың ашылуы 96,7%-ға жоғарылаған.

Сондай-ақ барлық тіркелген қылмыстардың негізгі үлесі бөтен мүлікті ұрлау қылмыстары болып тұр. Есептік кезеңде олардың сандық көрсеткіші 53,8%-ға (3639-1680) азайып, ашылуы 65,5%-ға көтерілді. Ал пәтер ұрлығы 58,9%-ға кеміді. Бұл өз кезегінде атқарылып жатқан жұмыстардың оң нәтижесі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қылмысқа қарсы күресте бірқатар индикаторларды белгілеген. Олар: мал ұрлығы, есірткі бизнесіне қарсы күрес, жол-көлік оқиғалары мен ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылу деңгейі.

Сондықтан бүгінгі таңда күн тәртібінде түспей келе жатқан мал ұрлығы қылмысының алдын алу мақсатында үш жақты келісімшартты пайдалануда.

Яғни ауыл әкімі, мал иесі мен бақташы арасында жасалатын келісім.

Олар өзара келісе отырып, мал иесі шопанды жұмыспен қамту орталықтары арқылы жалдайды. Осының арқасында соңғы екі жылда облыста мал ұрлығының айтарлықтай төмендеуіне қол жеткіздік. 2020 жылы Түркістан облысында мал ұрлығына байланысты қылмыстар 2 есеге аз тіркелген (641-ден 314-ке).

Жедел-іздістіру іс-шаралары барысында облыс аумағында мал ұрлығымен айналысқан 25 қылмыстық топ ұсталып, 84 азамат жауапкершілікке тартылған. Ұрланған 1317 бас малдың 504-і заңды иелеріне қайтарылған.

Жыл ішінде тонау, қарақшылық пен бұзақылық қылмыстары да екі есеге қысқарған. Нақтырақ айтсақ, тонау 46,0%-ға, қарақшылық 61,9%-ға, бұзақылық 34,4%-ға азайған. Оған қоса бұзақылық пен бопсалау қылмыстарының ашылымы 100%-ды құраған.

Департамент алаяқтық жайттарының алдын алуға бағытталған іс-шараларды да назардан тыс қалдырмаған. 2020 жылда алаяқтық қылмысының ашылымы 95,8%-ға жоғарылаған. Мәселен ағымдағы жылдың ең маңызды алаяқтық ісі – «Индиго-24 Эволюшн» қаржы пирамидасы.

Қазіргі уақытта бұл іспен департаменттің тергеу басқармасының тәжірибелі қызметкерлерінен тұратын арнайы топ айналысуда. Күдікті деп танылған 15 азамат қамауға алынған. Шығын сомасы шамамен 2 миллиард теңгеге жеткен. Аталған қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу қатаң бақылауда тұр.

Алкогольдік және есірткілік масаң күйде қылмыс жасау 11,4%-ға, қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстар 16,7%-ға, қаруды қолдануға қатысты қылмыстар саны 16,1%-ға, көшелерде орын алатын қылмыстар қатары 10,0% - ға қысқарған.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар бойынша жасөспірімдер арасындағы қылмыс 26,2 %-ға (214-тен 158-ге), кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс саны 19,0 %-ға (189-дан 153-ке) төмендеген.

Табиғатты қорғау заңнамасы саласындағы заң бұзушылықтар да қатаң бақылауда. Мәселен Шардара су қоймасы аумағында браконьерлікпен айналысқан 10 күдікті ұсталған. Бұл қоғамдық резонанс тудырған қылмыстық іс толығымен дәлелденіп, сотқа жолданған. Нәтижесінде ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу бойынша қылмыстар 95,0%-ға, заңсыз аң аулау 70%-ға кеміген.



Өткен жылдың 12 айында облыстық және республикалық маңызы бар жолдарда 1042 жол-көлік оқиғасы орын алған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,7% - ға аз. Жол апатынан 323 адам қаза тауып, 1268 адам түрлі дәрежеде жарақат алған.

Яғни жол-көлік оқиғаларының орын алуының басым себептері жүргізушілердің жылдамдықты арттыруы, қарсы жолаққа шығуы мен жаяу жүргіншілерді қағып кетуімен байланысты. Жалпы 615 765 әкімшілік құқықбұзушылық анықталса, оның ішінде жол қозғалысы бойынша – 546 642 әкімшілік бұзушылық.

Жергілікті полиция қызметкерлерімен көлікті мас күйде басқарғаны үшін 996 жүргізуші ұсталынған. Сондай-ақ облыс көлемінде 56 бейнекамера мен 21 фиксатор бар. Олардың көмегімен 64 445 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Одан 4 млрд. 364 млн. 284 мың теңге сомасына айыппұл салынып, 2 млрд.412 млн. 808 мың теңге өндірілген. Яғни 2019 жылмен салыстырғанда 55,3%-ға жоғары.

Жалпы жыл ішінде фиксаторлар мен бейнебақылау камералары арқылы 6,5 миллиард теңге айыппұл салынып, оның 4 миллиардтан астамы мемлекет қазынасына қайтарылған.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының талаптарын орындау үшін бүгінгі күні сыртқы қызмет полицейлері 1164 бейнежетон мен 954 планшетті пайдалануда. Яғни патрульдік және учаскелік полицейлер 100% планшетпен қамтылған. Ал тергеу-жедел бөлімшелеріне жергілікті бюджет қаражатынан электронды іс жүргізу үшін 185 компьютер сатып алынған.

Пандемия нәтижесінде облыста шетелдік азаматтар саны айтарлықтай төмендеген. Егер 2019 жылдың 12 айында 164162 мигранттар облысымызға келсе, биыл бұл сан 37 084 құраған. 3 322 азаматты ҚР Көші - қон заңнамасын бұзғаны үшін анықтап, әкімшілік жауапкершілікке тарқан. Оның ішінде 2106 азаматқа қатысты айыппұл салынған. Әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы 21 411 717 теңгені құраған. Барлық сома 100 пайыз өндірілген. 203 257 азаматқа жеке басты куәландыратын құжаттар рәсімделген.

**2021 жылдың 12 айында** Түркістан облысы бойынша 5411 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға аз (2020 ж - 5663).

Сондай-ақ онша ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар саны 2869 құрап, 11,0%-ға (2020 ж - 3224) төмендеген.

Барлық тіркелген қылмыстардың негізгі үлесі бөтен мүлікті ұрлау қылмыстары. Есептік кезеңде олардың сандық көрсеткіші 26,4%-ға (1680-1236) азайып, ашылуы 61,8%-ға көтерілген (*Республика көрсеткіші 47,0%*). Ал пәтер ұрлығы 17,2%-ға кеміген.

2021 жылы Түркістан облысында мал ұрлығына байланысты қылмыстар 16,3%-ға азайған (307-ден 257-ге).

Жалпы аса ауыр қылмыстардың ашылуы 96,6%-ға жоғарылаған.

Есірткіге қарсы іс-қимыл саласы бойынша 2021 жылы есірткінің заңсыз айналымына қарсы барлығы 409 дерек тіркелген (2020 ж -418). Жалпы заңсыз айналымнан 5 тонна 506 килограмм түрлі есірткі заттары тәркіленген.

Заман ағымына қарай пайда болып жатқан есірткінің синтетикалық түрін сақтаумен айналысып жүрген 10 тұлға құрықталып, олардан жалпы 26,8105 грамм синтетикалық есірткілер тәркіленген

Нәтижесінде, алкогольдік және есірткілік масаң күйде қылмыс жасау 11,9%-ға, қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстар 26,4%-ға, қаруды қолдануға қатысты қылмыстар саны 23,1%-ға, көшелерде орын алатын қылмыстар қатары 16,3% - ға және топпен жасалған қылмыстар саны 12,0%-ға қысқарған.

Өткен жылдың 12 айында облыстық және республикалық маңызы бар жолдарда 712 жол-көлік оқиғасы орын алған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 31,7% - ға аз (2020 жс - 1042). Жол апатынан 319 адам қаза тауып (2020 жс -323), 743 адам түрлі дәрежеде жарақат алған (2020 жс - 1268).

Яғни жол-көлік оқиғаларының орын алуының басым себептері жүргізушілердің жылдамдықты арттыруы, қарсы жолаққа шығуы мен жаяу жүргіншілерді қағып кетуімен байланысты. Жалпы 710 мың 330 әкімшілік құқықбұзушылық анықталса, оның ішінде жол қозғалысы бойынша – 611 мың 546 әкімшілік бұзушылық.

Жергілікті полиция қызметкерлерімен көлікті мас күйде басқарғаны үшін 1037 жүргізуші ұсталған.

Сондай-ақ облыс көлемінде 56 бейнекамера мен 70 фиксатор бар.

Олардың көмегімен 281 мың 042 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Одан 4 759 134 мың теңге сомасына айыппұл салынып, 3 398 708 мың теңге өндірілген. Яғни 2020 жылмен салыстырғанда 71,4%-ға жоғары.

Ал жалпы жыл ішінде фиксаторлар мен бейнебақылау камералары арқылы 7 миллиардтан астам теңге айыппұл салынып, оның 5 миллиардтан астамы мемлекет қазынасына қайтарылған.

Аудит нәтижелері көрсеткендей, Түркістан облысы полиция департаментімен оған бағынысты мекемелерде бірқатар бұзушылықтар анықталған. Атап айтқанда:

Жалпы аудитпен қамтылған 11 объектінің ішінде 9 объектіде қаржылық бұзушылықтар, 11 объектіде 19 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Яғни, мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуына назар аудару қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

### **Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша:**

Жалпы аудитпен 24198554,0 мың теңге, оның ішінде: 2019 жылы 5140431,0 мың теңге, 2020 жылы 5347079,0 мың теңге, 2021 жылы 10293399,0 мың теңге, 01.01-01.04.2022 жылы 3417645,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 11 объектінің ішінде 9 объектіде қаржылық бұзушылықтар, 11 объектіде 19 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **13 235,8 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **1 531,9 мың теңге**;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **11 703,9 мың теңге**;

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **13 235,8 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **11 703,9 мың теңге**, өтелуге жататыны **1 531,9 мың теңге**.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **11 979,8 мың теңге** өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 11 703,9 мың теңге қалпына келтірілген болса, 275,9 мың теңгесі өтелді*).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 19 бірлік бұзушылық фактілері 11 объектіде орын алған.

**Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 9 мекемеде 1 531,9 мың теңгені құраған, атап айтқанда:**

1) Айлық жалақыны дұрыс есептемеу салдарынан 9 мекемеде **1 531,9 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған, атап айтқанда:

- «Түркістан облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 073,9 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Арыс ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 29,9 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Жетісай ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 15,2 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Келес ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 39,0 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Мақтаарал ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 8,0 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Сайрам ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 131,7 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Сарыағаш ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 46,0 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Созақ ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 6,1 мың теңге;
- «Түркістан облысының полиция департаменті «Түлкібас ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 182,1 мың теңге.

*Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 16.10.2017 жылғы «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» №646қбп қаулысының 16-қосымшасының талаптары сақталмаған.*

2) 1 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы **11 703,9 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған, атап айтқанда:

- «Түркістан облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі бойынша 11 703,9 мың теңге.

*Бұл ретте: Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 243-тармағының талабы сақталмаған.*

**II. Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 19 бірлік бұзушылық фактілері 11 объектіде орын алған, атап айтқанда:**

1) Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 6 бірлік 5 мекемеде анықталған:

- «Түркістан облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Мақтаарал ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Сайрам ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Бәйдібек ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Түлкібас ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік.

2) Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 13 бірлік 11 мекемеде анықталған:

- «Түркістан облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Арыс ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Жетісай ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Келес ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Мақтаарал ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Сайрам ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Сарыағаш ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

- «Түркістан облысының полиция департаменті «Созақ ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

